

МДҰ-ғы тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық

1. Жалпы қауіпсіздік талаптары

Педагог сабақ пен педагогикалық қызметтің басқа түрлерін өткізгенде мыналарды білуі және орындауы тиіс

- балабақшада болған кезде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты (балабақша үй-жайындағы сабақ өткізгенде, ойын, еңбек, ойын-сауық және басқа педагогикалық қызмет барысында);
- мектепке дейінгі ұйымның үй-жайларын ұстаудың санитариялық нормалары мен қағидаларын;
- өрт қауіпсіздігі қағидаларын (өрт шыққан жағдайда балаларды шығару жоспарын, алғашқы өрт сөндіру құралдары орналасқан жерді білуі; өрт сөндіргішті қолдана білуі, топта өрт шыққан жағдайда және төтенше жағдайда балалар мен ересектерді қорғау үшін тізімдер мен жеке қорғаныс құралдары болуы тиіс);
- зардап шегушіге алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша нұсқаулықты.

Тәрбиешіні ауыстыру кезінде (аз немесе қысқа уақытқа) балабақша педагогтары мен қызметкерлері балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қажет болғанда оларды құтқару және шығару міндеттерін өз мойнына алуы тиіс.

Білім беру процесін ұйымдастырғанда балаларды келесі қауіпті әрі зиянды факторлардың әсерінен қорғау керек:

- балалар жиһазын дұрыс таңдамау (бұл мүсіннің бұзылуына, омыртқаның қисаюуына, сығырлықтың асқинуына әкелуі мүмкін);
- «кітап бұрыштарының», үстелүсті ойындарына арналған бұрыштардың, бейнелеу өнері бұрыштарының жеткіліксіз жарықтандырылуы және дұрыс орналастырылмауы балалардың көру қырағылығының бұзылуына әкелуі мүмкін;
- топта болған кезде бөтен шудың, қатты ойнап тұрған музыканың болуы және қатты сөйлеу есту өткірлігінің бұзылуына себеп болуы мүмкін;
- топ бөлмелері мен өзге үй-жайларда балалардың электр тогымен зақымдануына, қысқа тұйықталудан туындаған өртке әкелетін ақаулы электрлік жабдықтың, ОТҚ-дың болуы;
- ұсақ қадалғыш, өткір заттарды дұрыс сақтамау және қолданбау, жабдықтар мен жиһазды ақаулы немесе жарамсыз күйде қолдану түрлі жарақаттарға себеп болуы мүмкін;
- медикаменттер мен дезинфекциялау құралдарын дұрыс сақтамау және қолданбау улануға әкелуі мүмкін;
- балалардың топтан спорт, музыка залына немесе балабақшаның басқа ғимаратына ауысқанда, әсіресе баспалдақпен түскенде немесе көтерілгенде қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидаларын сақтамауы – балалардың түрлі жарақаттануларының себебі.

Балабақша ғимаратында өсімдіктердің күтіміне қойылатын талаптар:

- топта улы және тікенекті өсімдіктердің болуына жол бермеу;
- табиғат бұрыштарындағы бөлме өсімдіктері бала жерде тұрып-ақ оларға күтім жасай алатындай орналастырылады;
- өсімдіктерді суарғанда бала сукқұйғышты кеудесінен төмен ұстауы керек, себебі жеңіне су ағып, киіміне тимеуі үшін;
- балабақша ғимараттарының терезе алды тақтайларына гүлдерді немесе басқа заттарды қоюға тыйым салынған.

Балалардың қоғамдық пайдалы еңбегін ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

- табиғат бұрышы мен асхана кезекшілерінің міндеттеріне байланысты тапсырмаларды орындағанда балалар оны ересектің бақылауымен орындай алады;
- тапсырмаларды орындау кезінде балалардың ыстық тамақты, суды немесе өзге ыстық заттарды тасуына қатаң тыйым салынады;
- балаларды жұқпа қаупі бар жұмысқа: санитарлық тораптарды тазалауға, кір киімді жинауға, тұрмыстық қалдықтарды жинауға тартуға қатаң тыйым салынады.

Қайшыны ұстау қағидалары:

- балаларға тек тәрбиешінің бақылауымен қайшыны қолдануға рұқсат етіледі;
- тәрбиеленушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне арналған қайшының ұшы жұмырланған болуы тиіс;
- қайшы (сабақ кезінде емес) тәрбиеленушілердің өміріне қауіпті кез келген қадалғыш, өткір заттар, медикаменттер, сондай-ақ дезинфекциялау заттары секілді балалардың қолы жетпейтін жерде тұруы тиіс;
- тұтқасы мықтап бекітілген ақаусыз және қауіпсіз заттар балалардың қолданысына беріледі.

Балабақшада сабақ барысында және балалар қызметінің басқа түрлерінде балаларды күнделікті өмірде, көшеде және ұйымда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелеріне оқытуды ұйымдастыру қажет. Өмір қауіпсіздігі бойынша әңгімелесулер (сабақтар) міндетті түрде күнтізбелік жоспарда көрсетіледі және кем дегенде аптасына бір рет ұйымдастырылады.

Тәрбиеленушінің әрбір жазатайым оқиғасы немесе өзін нашар сезінуі туралы педагог тез арада МДҰ басшысына, медбикеге, ата-анасына хабарлауға міндетті, қажет болғанда «жедел жәрдем» шақырып, алғашқы медициналық көмек көрсетуге міндетті.

Тәрбиешіде балалардың мекенжайы, ата-аналарының жұмыс орны туралы мәліметтер, ата-анасының байланыс телефондары және жақын туыстары туралы ақпарат болуға міндетті. МДҰ-да көрнекі жерге әкімшіліктің, дәрігердің, жедел жәрдемнің, өрт сөндіру қызметінің және басқа да құтқару қызметтерінің мекенжайлары мен телефондары ілінеді.

Балабақшаның аумағына, әсіресе ғимаратқа келушінің жеке басын куәландыратын құжатты және балабақшаға бару құқығын куәландыратын құжатты көрсетпестен бөтен адамдарды кіргізуге тыйым салынады.

Ұйым аумағынан тыс жерде экскурсия жүргізген кезде «серуендеу, экскурсия жасау» нұсқаулығын басшылыққа алу керек. Әкімшіліктің рұқсатынсыз және мақсатты нұсқаулықсыз балабақшадан тыс жерлерге экскурсиялар мен серуендеуге тыйым салынады.

2. Серуендеуді ұйымдастыруға қойылатын талаптар

Балабақшада серуендеу кезінде белгіленген режимді, серуендеу ұзақтығын, тәрбиеленушілердің қызмет түрлерін ауыстыруды қадағалау қажет.

Серуендеу күніне 2 рет ұйымдастырылады: бірінші жартысында – түске дейін және күннің екінші жартысында – күндізгі ұйқыдан кейін немесе балалар үйге қайтар алдында; жылдың жылы мезгілдерінде қосымша таңғы серуен ұйымдастырылады.

Ауа температурасы -15°C -тан төмен және желдің жылдамдығы 7 м/с асқан жағдайда серуеннің ұзақтығы қысқартылады.

Ауа температурасы -15°C -тан төмен және желдің жылдамдығы 15 м/с асқан жағдайда 4 жасқа толмаған балаларға серуендеу өткізілмейді, ал 5–7 жасар балалар үшін ауа температурасы -20°C -тан төмен және желдің жылдамдығы 15 м/с асқан жағдайда өткізілмейді.

Балалармен серуендеу кезінде ойындар мен дене жаттығуларын өткізу керек.

Жылдымалы ойындарды маусымды ескере отырып, балалар МДҰ ғимаратына қайтар алдында, серуеннің соңында өткізеді.

Серуендеу өткізбес бұрын тәрбиеші аумақтың жарақатқа қауіпсіз екенін және бөгде

заттардың жоқтығын тексеруі тиіс; байқаған бұзушылықтар жөнінде әкімшілікке дереу хабарлауы тиіс; бұл аумақта серуендемеу керек. Қауіпті факторлар ретінде аумақтағы ойын жабдығының сынуы, көктайғақ, күз-көктем кезеңіндегі балшық, бейтаныс бөгде заттардың болуы және т. б. қарастырылады. Табылған бөгде заттарды ұстауға болмайды.

Серуендеу кезінде ұйымның аумағына кіретін қақпа мен кішкене қақпа жабық болуы тиіс.

Балабақша ғимаратынан серуендеу аумағына алдымен тәрбиеші, оның артынан балалар қатармен шығады. Серуеннен қайтқанда тәрбиеші балалардың соңынан жүреді және балабақша ғимаратына соңғы болып кіреді. Бөбек жасы мен кіші топ балаларын аумаққа дейін кіші тәрбиеші алып жүреді.

Тәрбиеші серуендеу кезінде кезең сайын балаларды санап отыруы тиіс. Тәрбиеші серуеннен оралғаннан кейін балабақша ғимаратына кіргенде балаларды санауға міндетті.

Бала өз бетімен кетіп қалған жағдайда тәрбиеші МДҰ басшысына дереу хабарлауға міндетті.

Тәрбиеші балалардың өсімдіктерді (шөпті, жапырақтарды, жемістерді) ауызға салмауын бақылауға міндетті.

Серуендеу топқа бекітілген аумақта өткізіледі. Тәрбиеші балаларға аумақтан шықпауды үйретуі керек. Аумақта жарақат алу қаупі туындаған жағдайда басқа аумаққа серуендеу басшымен немесе аға оқытушымен келісіледі. Бір аумақта бірнеше топпен серуендеуді ұйымдастыруға болмайды.

Тәрбиеші тәрбиеленушілерді төбеден сырғанау, көтерілу, төбеден секіру, велосипедпен жүру, самокатпен сырғанау және т. б. жағдайларда бақылауға және сақтандыруға міндетті.

Серуендеуден кейін тәрбиеші балалардың киімін шкафтарға қалай салып қойғанын тексереді. Қажет болған жағдайда тәрбиеленушілерге құрғақ киімдерін кигізіп, гигиеналық рәсімдерді орындауды ұйымдастырады: дәретханаға бару, қолды сабындап жуу (жылы мезгілде – аяқты жуу), су киім мен аяқ киімді кептіруді қамтамасыз етеді.

Серуендерді ұйымдастыруда балаларды барлық маусымға тән келесі қауіпті әрі зиянды факторлардың әсерінен қорғау керек:

- тәрбиеші сақтандырмаған жағдайда төбешіктен, «швед үстелінен» құлау;
- жердің астынан шығып тұрған заттардың металл немесе ағаш бағандарынан, жылжымалы ойындарға арналған алаңдардағы аласа томардан жарақаттану;
- жануарлардың тістеуі (иттің, мысықтың, кененің, жәндіктердің);
- сынған шынымен, құрғақ бұталармен, ағаштың бұтақтарымен, талдармен кесіп алулар, таяқшалардан, тақтайдан, ағаш ойыншықтардан және т. с. тікен кіргізіп алу;
- аумақта шұңқырлар мен орлар болғанда, тәрбиешінің сақтандыруысыз стационарлық жабдықтан секіргенде аяғын жарақаттауы;
- алтыбақанда, әткеншекте; велосипедте, самокатта отырғанда жарақаттану, ауыртып алу;
- тәрбиеленушінің балабақша аумағынан өз бетімен кетіп қалуы;
- құмсалғыштағы лас құмды, лас тасымалдағыш материалды қолданғанда асқазан-ішек ауруларын жұқтыру (ойыншықтарды жуудың, құмсалғыштағы құмды ауыстырудың санитариялық қағидаларын бұзған жағдайда);
- сулы және сырғанақ алаңда ойнау кезіндегі жарақаттар, соғып алулар;
- балалар киімінің, аяқ киімінің су болуы;
- бала ағзасының салқындауы немесе қызып кетуі;
- улы өсімдіктерден, жемістерден, саңырауқұлақтардан және т. б. улану;
- балалар организмінің тоңуы, салқындауы немесе қызуы;
- аяқпен, шанамен мұзды төбешіктерде сырғанауда, көктайғақта сырғанақ жолмен, қардан, мұздан тазартылмаған және құм себілмеген сыртқы баспалдақпен

жүргенде;

- қардан, мұздан тазартылмаған алаңда ойнау кезіндегі жарақаттар;
- шатырдан түскен сүмелек мұздан, жылыну кезінде салбырап тұрған мұз сеңінен жарақаттанулар;
- аязды күні металл конструкцияларды ашық дене мүшелерімен ұстаудан жарақаттанулар (беті, қолы, тілі, ерні);
- улы өсімдіктерден, жемістерден, саңырауқұлақтардан улану;
- күн және жылу соққысы;
- гүлдеу кезінде аллергиямен ауыру және т. б.

Аталған факторлар әсерінің алдын алу үшін өмір мен денсаулықты қорғау жөніндегі маусымдық нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек. Тәрбиеленушілермен әртүрлі педагогикалық қызмет өткізу барысында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтардың орындалмауына немесе бұзылуына жол берген педагог тәртіптік жазаға тартылады және онымен жоспардан тыс нұсқаулық пен қауіпсіздік техникасы бойынша білімін тексеру жүргізіледі.

3. Ғимаратта жұмысты бастаудан бұрынғы қауіпсіздік талаптары

Жұмысты бастамас бұрын ғимараттың жарығын қосып, шамдардың дұрыс істеп тұрғанын, топ, жатын және өзге бөлмелердегі электрлік жабдықтың істеп тұрғанын тексеру керек: шамдар төбеге мықтап ілініп, жарық таратқыш арматурасы болуы тиіс; коммутациялық қораптардың қақпақтары жабулы болып, электр розеткалары да жабық тұруы тиіс; ажыратқыштар мен розеткалардың корпусы мен қақпақтарында сызаттар мен сынықтар, сондай-ақ жалаңаш түйіспелері болмауы тиіс.

Бүкіл ғимараттың санитариялық жай-күйін тексеріп, терезені немесе фрамуганы және есіктерді ашып оларды желдету керек (егер топта тәрбиеленушілер болмаса). Ғимаратты желдетуді тәрбиеленушілер келгенше аяқтау керек.

Стационарлық балалар жабдығы құлап қалмау және ересектер мен тәрбиеленушілерді жарақаттамау үшін мықтап бекітілгеніне көз жеткізу (төбеге, қабырғаға немесе еденге).

Тәрбиеленушілермен сабақ, ойын, жұмыс өткізу орындарына, әдістемелік материалды сақтау орындары мен балабақшаның өзге ғимараттарының қауіпсіздігін алдын ала көзбен шолып тексеріп шығу керек.

Сатып алынған ойыншықты (жұмсақ ойыншықтарды қоспағанда) топқа әкелмес бұрын жылы ағын сумен жуады, сосын ауада кептіреді.

Қол сүлгілерінің келген балалардың санына сәйкес келетіндігін тексеру.

Педагогтар мен тәрбиешілер өздерін нашар сезінсе немесе кенеттен ауырып қалса, жұмыс істемеуі тиіс.

4. Ғимаратта әртүрлі педагогикалық қызметті өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Балаларды ғимаратта ересектердің қарауысыз қалдыруға болмайды. Балалардың балабақшадан шығып кетуін мұқият бақылау керек.

Тәрбиеленушілер болған кезде ғимараттарды желдетуге болмайды. Жылдың суық мезгілінде тәрбиеленушілер болғанда желдетуге болмайды. Жылы жыл мезгілінде фрамуга арқылы немесе «балалар құлпы» жүйесімен жабылған пластик терезені шалқайту арқылы біржақты желдетуге рұқсат етіледі. Тәрбиеленушілер болған кезде терезе жармасын айқара ашуға тыйым салынады.

Сабақ және педагогикалық қызметтің басқа түрін өткізген кезде, балабақшаның бір бөлмесінен басқасына ауысқан кезде балалардың қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидаларын сақтауын бақылау керек: итермеу, жүгірмеу; балабақша ғимаратының қабаттарынан түскенде және көтерілгенде таяныштан ұстану керек.

Балалар баспалдақтан көтерілген және түскен кезінде топ тәрбиешісіне кіші тәрбиеші көмектеседі.

Топтағы апталық сабақ саны мен олардың ұзақтығы СанЕжН талаптарына сай болуы тиіс.

Сабақтың ортасында барлық топта ұзақтығы 1,5–2 минут құрайтын дене шынықтыру минуттарын өткізу керек. Сабақтар арасындағы үзіліс 10 мин. кем болуы тиіс.

Тәрбиеленушілерге кемінде екі сағат бойы тыныш күндізгі ұйқыны қамтамасыз ету қажет. Балалардың ұйықтауы кезінде жатын бөлмесінде тәрбиеші (немесе оның көмекшісі) міндетті түрде болуы тиіс.

Балалар аяқ киімі мен киімі ойындар мен сабақтарға ыңғайлы болуы керек. Аяқ киімнің табаны сырғанамайтын, өкшесі аласа, сірісі болуы керек және аяққа дәл болуы керек. Ілмектерді, танамоншақтарды қолдануға жол берілмейді. Ылғал еденмен жүруге тыйым салынады.

Тәрбиеші баланы ата-анасына (заңды өкіліне) немесе ата-анасының өтініші бойынша 18 жасқа толған тұлғаларға тапсыруға құқылы.

Балаларды тапсыруға тыйым салынады

- 18 жасқа толмаған және келетінін ата-аналары ескертпеген тұлғаларға;
- мас күйдегі немесе жүріс-тұрысы қоғамға жат тұлғаларға. Мұндай жағдайда балаға келген адаммен жанжалдаспай, балаға қандай қауіп төніп тұрғанын байыппен түсіндіру. Қажет болғанда басқа қызметкерді, ата-аналарды, әкімшілікті көмекке шақыру немесе полиция шақыру (жағдайға қарай әрекет ету).

Балалардың үйден қауіпті заттар: қадалғыш, өткір, дәрілік, ұсақ немесе сынған ойыншықтар және т. б. әкелмеуін қадағалау керек.

Балаларды шайындырғанда иілгіш шлангты қолдануға тыйым салынады. Шайындыруды алдын ала дайындалған жылы сумен жүргізу керек.

Дезинфекциялаушы заттарды қолдану нұсқаулық бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Алғашқы көмек көрсетуге арналған қобдиша балалардың қолы жетпейтін жерде тұруы тиіс.

5. Тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

Аспаз тағам дайындау технологиясын сақтауға жауапты.

Тамақты дәлізде, баспалдақта және киінетін бөлмеде балалар болмаған кезде асүйден топқа апаруға болады.

Тамақ тарату кезінде балалардың тамақтану үстелінің жанында ойнауына жол бермеу керек.

Топ бөлмелеріне қайнаған су әкелуге тыйым салынады. Ыстық тағамның температурасы таратқанда 70 °С-тан аспауы тиіс.

Балалар үстелге ыдысты даярлап, бірінші тағам берілгеннен кейін отыруы тиіс.

Тамақ ішу кезінде тәрбиеленушілердің құралдарды дұрыс қолдануын бақылау керек, жарақаттанудың алдын алу үшін тамақ және шай ыдыстары шытынамаған және кетіктері болмауы тиіс.

Балабақшаға балаларға тарату үшін үйден азық-түлік әкелуге тыйым салынады.

6. Төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары

Өрт туындағанда мыналарды орындау керек

- тәрбиеленушілерді ғимараттан дереу шығарып, жылдам өрттің таралмауы үшін барлық желкөздерді, терезелерді жабу керек;
- меңгерушіге өрт жөнінде хабарлау керек;
- өрт сөндіру бөлімін шақыру керек;
- қажет болғанда және мүмкіндігінше электр энергиясын сөндіру керек;
- бастапқы өрт сөндіру құралдарының көмегімен тұтану көзін сөндіруге кірісу керек.

Бала жарақат алғанда

- зардап шегушіге дереу алғашқы көмек көрсетіп, оның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін залал келтіруші факторлардың әсерін жою керек (электрлік токтың әсерінен босату, тұтанған киімді өшіру, жарақаттаушы затты алып тастау және т. б.);
- жедел түрде зардап шегушіні құтқару шараларын орындау (тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру, қолдан дем алдыру, жүрегін сыртынан уқалау, қансырауды тоқтату);
- медициналық қызметкер келгенше зардап шеккен баланың негізгі өмірлік функцияларын сақтау;
- бұл жөнінде МДҰ әкімшілігіне, мейірбикеге, ата-аналарына (заңды өкілдеріне) хабарлау, қажет болғанда зардап шегушіні жақын арадағы медициналық мекемеге жіберу.

Күтпеген жағдай туындағанда

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- әкімшілікке болған жағдайды хабарлау, қажет болғанда төтенше жағдайда зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету;
- қажет болғанда құтқару қызметіне хабарлау.

Жылу жүйесінде апат болғанда (жарылғанда) тәрбиеленушілерді дереу ғимараттан шығарып, болған жағдайды әкімшілікке хабарлау.

Балабақша тәрбиеленушісіне қатысты орын алған төтенше жағдайды уақтылы хабарламағаны немесе көмек көрсетуді, балаларды шығаруды, «жедел жәрдем» шақыруды кешегі ұлдеткені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын естен шығармау керек.

Тәрбиеленуші серуендеуден өз бетімен кетіп қалған жағдайда тәрбиеші мұны дереу балабақша әкімшілігіне, ата-анасына (заңды өкілдеріне), жақын жерде полиция бөлімшесіне хабарлап, дереу тәрбиеленушіні іздеу жұмыстарын ұйымдастырып, ерекше белгілерін: сыртқы келбетін, жасын, киімін сипаттауы тиіс.

Топта тәрбиешіні уақытша алмастыру қызметкерлердің бәрі балаларды құтқару міндетін өз мойнына алады.

7. Ғимараттағы жұмыс аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары

Жұмыс аяқталғанда алмастырушы тәрбиешіге немесе басқа алмастырушы педагогқа бала санын, олардың денсаулық жағдайын, ағымдағы істері, балабақшадан кімді алып кеткенін хабарлау керек.

Өзінің жұмыс орны мен тәрбиеленушілердің жұмыс орнын реттестіру керек.

Электрлік құрылғыларды, ОТҚ ажырату керек.

Ғимаратты жинастыру керек: ойыншықтарды, оқу құралдарын жинап, жиһаздың орналастырылуын, балалар киімдерінің реттелуін тексеру керек.

Ойыншықтарды жуу керек. Ойыншықтарды жұмыс күнінің басында немесе соңында күнделікті жуып отырады. Қуыршақтар киімі кірлеу деңгейіне қарай балалар сабынын қолдану арқылы жуылады және үтіктеледі.

Ғимаратты желдету керек. Терезелерді, фрамугаларды жауып, жарықты сөндіріп, кіретін есікті жабу керек.

ТАНЫСТЫҚ:

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қолы
---	----------	----------	------

1	Уркимбаева Акканым Жаксыевна	Меңгеруші	
2	Аманжолова Айгерим Сергеевна	Әдіскер	
3	Абилова Ғалия Нурлановна	Психолог	
4	Табышева Ләззат Таукеновна	Қазақ тілі мұғалімі	
5	Телғарин Ақылжан Бердібайұлы	Дене шынық. жетекшісі	
6	Қожас Ажар Болатқызы	Музыка жетекшісі	
7	Дауева Айнұр Зайнуллақызы	Музыка жетекшісі	
8	Дүйсенқұлова Гүлбану Рафихқызы	Тәрбиеші	
9	Исағалиева Майра Бибитовна	тәрбиеші	
10	Мандыбаева Жансая Қуанышқалиқызы	Тәрбиеші	
11	Зулкакова Ляззат Аманжоловна	Тәрбиеші	
12	Шуиншалина Малика Хусаиновна	Тәрбиеші	
13	Сариева Надежда Петровна	Тәрбиеші	
14	Чипегина Виктория Алексеевна	Тәрбиеші	
15	Намазбаева Гулмарал Алматқызы	Тәрбиеші	
16	Айсина Юлия Ивановна	Тәрбиеші	
17	Айтбаева Айгерім Қуандыққызы	Тәрбиеші	
18	Жакина Гүлшара Амантаевна	Тәрбиеші	
19	Оразова Жаңылсын Алмұрзаққызы	Тәрбиеші	
20	Ажмуратова Назира Мусеновна	Тәрбиеші	
21	Кабулова Асия Сагиндиқовна	Тәрбиеші	
22	Булекова Алмағұль Алжановна	Тәрбиеші	
23	Толқымбекова Эльмира Ақжарбайқызы	Тәрбиеші	
24	Биманова Дәмегүл Төлепбергенқызы	Тәрбиеші	
25	Тлегенова Күміс Нұрланқызы	Тәрбиеші	
26	Кайсанова Анарғұль Нуртолеуовна	Тәрбиеші	
27	Молдақұлова Кәмшат Сырымбайқызы	Тәрбиеші	
28			
29			
30			